

**«8D05203-Гидрология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абдуллаева Әсел Сабитқызының  
«Мореналық көлдердің ақтарылуы кезінде Іле Алатауы өзендер  
алаптарындағы потенциалды қауіптілікті бағалау және зоналау»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына арналған отандық  
ғылыми жетекшісінің  
**ПІКІРІ****

Абдуллаева Әсел Сабитқызының диссертациялық жұмысы климаттың ғаламдық жылынуы жағдайындағы биік таулы аймактардағы мұздықтардың кейін шегінуі нәтижесінде Іле Алатауының орталық бөлігіндегі мұздықтық-мореналық көлдердің ақтарылуы кезінде пайда болатын сел алаптарындағы потенциалды қауіптіліктерді бағалау және зоналауды қамтитын өзекті әрі күрделі мәселеге арналған. Автор мұздықтық-мореналық көлдердің гидрологиялық және морфометриялық сипаттамаларын, олардың даму динамикасын ЖҚЗ және ГАЗ-технологиялары негізінде бағалап, жаңа әрі нақты мәліметтерге қол жеткізді. Сондай-ақ, Іле Алатауының орталық бөлігіндегі мұздықтық-мореналық көлдердің ақтарылуы кезінде қалыптасатын сел тасқындарын заманауи сандық гидродинамикалық модель негізінде имитациялау арқылы олардың жүріп өту жолындағы қауіптілік дәрежесі мен қауіп деңгейін анықтап, алғаш рет ірі масштабты сел тасқынына ұшырайтын аумақтар картасын жасап, зерттеліп отырған ауданың сел қауіптілігі картасын аналитикалық иерархиялық процесс тәсілін қолдану арқылы жаңалады.

Абдуллаева Ә.С. диссертациялық жұмысты жазу барысында зерттеу тасқырыбын терең түсінгендігін және сел қауіптілігін анықтау мен бағалау бағытындағы теориялық және методологиялық тәсілдерді тамаша менгергендігін көрсетті. Зерттеу барысында автор мұздықтық-мореналық көлдердің ақтарылу қауіптілігінің критерийлерін талдап, зерттеу ауданы үшін негізгі критерийлерді белгіледі. Диссертациялық жұмысқа арқау болған зерттеу әдістері, атап айтқанда әдеби мәліметтерді жүйелеу, талдау, корыту, мониторинг мәліметтерін статистикалық талдау, қашықтықтан зондтау мәліметтерін зерделеу, кеңістіктік-уақыттық талдау, мореналық көлдерді гидродинамикалық модельдеу жұмыстың мазмұнын ашып, маңыздылығын арттыра түсті.

Сондай-ақ, диссертациядағы қорғауга ұсынылатын негізгі тұжырымдардың бірегейлігі мен жаңашылдығын баса атап өту керек. Абдуллаева Ә.С. табиғи ортаның қазіргі өзгерістерін сипаттайтын көрсеткіштерді ГАЗ ортасында өңдеу арқылы мультикритериялық шешім қабылдау әдісі негізінде Іле Алатауының орталық бөлігіндегі сел алаптарының сел қауіптілік картасын жаңартып, Үлкен және Кіші Алматы өзен алаптарындағы сел тасқынына ұшырауы мүмкін объектілер жөніндегі мәліметтерді ескеру негізінде Іле Алатауының орталық бөлігінің сел тасқынына ұшырайтын аумақтарының жаңа картасын жасады. Сонымен

қатар, мұздықтық-мореналық көлдер саны мен ауданының өзгерісі тек климаттық жағдайларға тәуелді еместігін дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелерінің экономикалық тиімділігі – практикалық міндеттемелерді шешуде, зерттеу ауданындағы мұздықтық-мореналық көлдердің ақтарылу қауіптілігімен байланысты ғылыми мәселелерді қорытындылауда, төтенше жағдайлардың алдын алу және қорғану шараларын негіздеуде және осыған сәйкес зерттеулерде, соның ішінде көлдердің ақтарылу қауіптілігін бағалауда колдануға болады.

Қорыта келе, диссертация қауіпті гидрологиялық құбылыстарды басқару және климаттық адаптация саласындағы маңызды жұмыстардың бірі деп сеніммен айтуға болады. Зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының ғылыми әрі практикалық құндылығы бар ғылыми еңбек болып табылады және олар еліміздің сел қауіпті аудандарындағы сел қаупін басқару шараларын жүзеге асыруда ұтымды әрі оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Сөз соңында Абдуллаева Э.С. диссертациялық жұмысын орындау барысында өте аукымды мәліметтермен жұмыс жасап, оларды заманауи компьютерлік технологиялардың көмегімен өндеп, өзінің толыққанды маман ретінде қалыптасқандығын, өз бетінше ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе алатындығын дәлелдей алды.

Мореналық көлдердің ақтарылуы кезінде Іле Алатауы өзендер алаптарындағы потенциалды қауіптілікті бағалау және зоналау атты диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелері бойынша Э.С. Абдуллаева халықаралық конференцияларда баяндамалар жасады. Диссертациялық жұмысты қорғау талаптарына сәйкес отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалар жарыққа шықты.

Абдуллаева Эсель Сабитқызының «8D05203-Гидрология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы диссертациялық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сай, ал оның авторы «8D05203-Гидрология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
география және табигатты пайдалану факультеті  
метеорология және гидрология кафедрасының  
аға оқытушысы, Г.Ф.Каримов

А.К. Мусина

Қолын растаймын  
Подпись заверяю

Жумашев

